

АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІ МҮШЕСІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАР КОДЕКСІ

Осы Кодекс Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі — IAAR) Аккредиттеу кеңесінің әрбір мүшесі үшін міндетті болып табылатын Аккредиттеу кеңесінің отырысындағы мінез-құлық ережелерін белгілейді. Аккредиттеу кеңесі мүшесінің (бұдан әрі — АК) қызметі білім беру ұйымын және/немесе білім беру бағдарламасын аккредиттеу, аккредиттеуден бас тарту, институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлікті тоқтата тұру, қайтарып алу туралы объективті тәуелсіз шешім қабылдауға бағытталған. АК мүшесінің қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, институционалдық және мамандандырылған аккредиттеудің стандарттары мен критерийлеріне, IAAR Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

1. АК отырысының күніне дейін АК мүшесі АК отырысына қатысуына кедергі болатын мән-жайлардың бар екендігі туралы IAAR-ды хабардар етуге міндетті.
2. АК отырысында АК мүшесі IAAR-дың берген өкілеттіктерінен асатын іс-әрекеттер жасамауға тиіс.
3. АК мүшесі АК құрамындағы өз функцияларын сапалы орындауға міндеттенеді, білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерінің сапасын бағалауда және білім беру ұйымдарын және/немесе білім беру бағдарламаларын аккредиттеу туралы шешімдер қабылдауда объективтілік пен тәуелсіздікке кепілдік береді.
4. АК мүшесі АК жұмысы барысында алынған құпия ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді.
5. АК мүшесі АК және IAAR қызметі туралы объективті қоғамдық пікір қалыптастыруға ұмтылуы тиіс.

Осы Кодекс жалпыға қолжетімді және жария құжат болып есептелінеді және АК-ның барлық мүшелеріні онымен танысуы талап етіледі.

Таныстым
АК мүшесі

КОЛЫ

Т.А.Ә.

Күні: _____